

«ҚАЗКӨЛІККӘСІП» ҚБ ИГІ БАСТАМАЛАРДЫҢ КӨШБАСШЫСЫ БОЛЫП, ҮЛКЕН ІС-ШАРАЛАРДЫҢ БЕЛ ОРТАСЫНАН ТАБЫЛЫП КЕЛЕДІ. МӘСЕЛЕН, 2024 ЖЫЛҒЫ 29-30 МАМЫРДА АСТАНА ҚАЛАСЫНДА «ҚАЗКӨЛІККӘСІП» ҚБ-НЫҢ ШАҚЫРУЫМЕН МКПЖ КЕҢЕСІНІҢ 67-ШІ ОТЫРЫСЫ ӨТТІ. ШЕКАРА МАҢЫ ЫНТЫМАҚТАСТЫҒЫ ТУРАЛЫ ЖАСАЛҒАН ҚАЗКӨЛІККӘСІП ЖӘНЕ РОСПРОФЖЕЛ АРАСЫНДАҒЫ МЕМОРАНДУМДЫ ОРЫНДАУ КӘСІПОДАҚТАР ҮШІН МАҢЫЗДЫ ЖӘНЕ БІРЕГЕЙ ОҚИҒА БОЛДЫ.

Дмитрий ШАХАНОВ,  
МКПЖ және Роспрофжел төрағасы



№75 (3114)  
16/09/2025

# ҚАЗАҚСТАН ТЕМІРЖОЛШЫСЫ

РЕСПУБЛИКАЛЫҚ КӨЛІК-ЛОГИСТИКАЛЫҚ БАСЫЛЫМ  
1931 ЖЫЛДЫҢ 12 МАМЫРЫНАН ШЫҒА БАСТАДЫ

## КУРС НА РОСТ: ҚТЖ И РЖД ОБСУДИЛИ ПРИОРИТЕТЫ

ҚТЖ и РЖД определили приоритетные направления по стратегическому сотрудничеству. Так, в городе Владивостоке (РФ) состоялось XVI Заседание совместной рабочей группы по стратегическому сотрудничеству между АО «НК «ҚТЖ» и ОАО «РЖД».

Стороны рассмотрели вопросы в рамках двустороннего сотрудничества в области железнодорожного транспорта, в том числе о ситуации на стыках и организации работы локомотивов и локомотивных бригад, увеличения объема перевозок по электронным накладным.

Объем перевозок между РК и РФ за 8 месяцев 2025 года составил 58,3 миллиона тонн, увеличившись на 3,2%, или 1,8 миллиона тонн к аналогичному периоду прошлого года, в том числе экспортный грузопоток из Казахстана в/через Россию составил 35,3 миллиона



тонн, увеличившись на 6,8%, или 2,2 миллиона тонн.

В частности, экспорт из РК через РФ угля составил 8 миллионов тонн и вырос на 36,4%, или 2,1 миллиона тонн, зерна через РФ составил 1,5 миллиона тонн с ростом в 5,3 раза, или на 1,2 миллиона тонн.

Руководителями делегации железных дорог двух стран утвержден

План мероприятий по повышению эффективности межгосударственных стыковых пунктов (МГСЦ) на 2026-2030 гг. В плане зафиксированы совместные шаги и сроки для оперативного развития стыков с учетом увеличения грузопотока.

Также сторонами обсуждены тексты Соглашений о развитии МГСЦ до 2030 года и развитии

восточного маршрута МТК «Север – Юг», планируемых к подписанию до конца текущего года.

По итогам заседания подписан протокол. Стороны договорились следующее заседание рабочей группы по стратегическому сотрудничеству провести в Казахстане в первой половине 2026 года.

Асель ШАЙХЫНОВА

### ҚАЗАҚСТАНДЫҚ АСТЫҚ СҰРАНЫСҚА ИЕ



2024 жылдың қыркүйегінен 2025 жылдың тамызына дейінгі кезеңді қамтитын маркетингтік маусымда теміржол көлігімен 13,3 млн тонна астық тасымалданған. Оның едәуір үлесі – 10,2 млн тоннасы шетелге экспортталған.

Осылайша, аталған мерзімде астық жүктері бар 1670 пойыз ұйымдастырылып жөнелтілген. Бұл туралы «ҚТЖ» ҰК» АҚ-да астық тасымалдаушылар операторларының, экспедиторлардың, Ауыл шаруашылығы министрлігінің, «Атамекен» ҰКП, Ақтау және Құрық порттарының, сондай-ақ астық терминалдары өкілдерінің қатысуымен биылғы егіннің астығын тасымалдау мәселелері бойынша кеңесте белгілі болды.

Ауыл шаруашылығы министрлігі алғатқан мәліметке сүйенсек, өткен маусымда экспорттың негізгі бағыттары Қазақстанның аса маңызды өткізу нарықтарына шоғырланған. Атап айтқанда, Қытайға, Орталық Азия мемлекеттеріне және Ақтау портына жеткізілімдер басым болып отыр. Бұл шетелдік әріптестердің қазақстандық ауыл шаруашылығы әлеуетіне деген қызығушылығының арта түскенін айқындайды.

Осындай ірі көлік ағындарын ұйымдастыру кезінде теміржол паркінің заманауи технологиялары мен қуаттары пайдаланылған. Мәселен, іске қосылған мамандандырылған астық тасымалдаушылардың жалпы саны шамамен 13,8 мың бірлікті құрап, бұл көрсеткіш өткен маусымның көрсеткіштерінен 20% жоғары болған. Жүк тасымалына қосымша 16,5 мың жабық вагон, сондай-ақ ТМД елдерінен 2 мыңнан астам оператор вагондары қатысқан.

Сонымен қатар «ҚТЖ» ұлттық компаниясы» АҚ теміржол инфрақұрылымын қайта құрылымдаудың ауқымды бағдарламасын белсенді түрде іске асырып жатқанын айтар едік. Жаңғыртудың негізгі жобалары қатарында Достық – Мойынты, Бейнеу – Ақтау, Жетіген – Алтынкөл, Семей – Павлодар учаскелері және басқа да маңызды маршруттар бар. Бұл шаралар теміржол желісінің өткізу қабілетін арттыруға және аграрлық сектор өнімдерін тасымалдауды оңтайландыруға ықпал етеді.

Астықты жеткізу процестерін жедел үйлестіру үшін Компания құрылымында арнайы астық штабы жұмыс істейді, ал ҚТЖ өңірлік бөлімшелері көліктің үздіксіз жұмысын қамтамасыз ететін қызметкерлердің мамандандырылған топтарымен жасақталған.

Ислам ТАЛҒАТ

### БЕСПЕРЕБОЙНЫЕ ПОСТАВКИ УГЛЯ



АО «НК «Қазақстан темір жолы» обеспечивает стабильную доставку угля к отопительному сезону 2024-2025 годов.

С мая по 8 сентября перевезено 23,6 миллиона тонн – на 1,2 миллиона тонн (+5%) больше, чем годом ранее. Из этого объема 21,9 миллиона тонн направлено на теплоэлектростанции (+8%), а 1,7 миллиона тонн – в коммунально-бытовой сектор.

АО «НК «ҚТЖ» задействовало 18 тысяч полувагонов из парка в 29 тысяч единиц для перевозок энергетического и бытового топлива. Процесс погрузки и транспортировки круглосуточно контролирует специальный штаб компании, в который входят более 60 специалистов центрального аппарата и региональных подразделений. Такой подход позволяет оперативно реагировать на любые изменения и гарантировать своевременные поставки.

В летний период ҚТЖ провела ряд совещаний с Министерством промышленности и строительства, Министерством энергетики, акиматами, угольными разрезами, тепличными хозяйствами и цементными заводами. С 10 сентября компания возобновляет ежедневные совещания с местными исполнительными органами, чтобы обеспечить бесперебойные поставки угля населению и организациям.

По данным Министерства промышленности и строительства, готовность объектов образования к отопительному сезону составляет 92%, здравоохранения – 91% (5 206 из 5 720 объектов). Из 11 200 автономных котельных подготовлено 85%, угольные запасы обеспечены на 51%, мазут – на 91%, дизельное топливо – на 39%.

Координация перевозок и мобилизация ресурсов ҚТЖ становится ключевым фактором успешной подготовки страны к зиме, обеспечивая энергопредприятия и население Казахстана топливом без перебоев.

Айлин БАУРЖАН

### Білім көкжиегі

## ДӘСТҮРЛІ ОЛИМПИАДАДА БАҚ СЫНАДЫ

«ҚТЖ» ҰК» АҚ мен еншілес ұйымдары қызметкерлері арасында еңбек қауіпсіздігі және еңбек қорғау бойынша жыл сайынғы корпоративтік олимпиадалар өтті. Екі олимпиаданың біріне еңбек қауіпсіздігі және еңбек қорғау жөніндегі 14 маман, екіншісіне 14 эколог қатысып, 3 кезеңнен тұратын білім сынағында жарысты.



Райхан РАХМЕТОВА,  
Астана

Олимпиаданы сөз сөйлеп ашып берген компанияның Өндірістік қауіпсіздік және экология департаментінің директоры Әділбай Семенов бұл білім жарысының еңбек қорғау үшін қаншалықты маңызды екенін айта келе, қатысушыларға сәттілік тіледі.

– Бұл білім додасы тек жарыс қана емес, сонымен қатар еңбек қорғау саласын дамытуға бағытталған маңызды қадам. Себебі осындай біліммен қаруланған сіздердің күн сайынғы жұмыстарыңыз еңбек жағдайын жасап, өндірісте жазатайым



оқиғалардың болмауына септік етеді, яғни қауіпсіз еңбекті қамтамасыз етеді, – деді департамент директоры.

Білім сайысына аталған департаменттің бас менеджері Дамир Иманбеков, Еңбек қауіпсіздігі және экология инспекциясының менеджері Арсен Нарғожин,

компанияның бас HR-бизнес серіктесі Әсел Ақтау, Мемлекеттік емес өртке қарсы қызмет тобының жетекшісі Бақытжан Ділімбетов, «Қазкөліккәсіп» ҚБ еңбек қорғау жөніндегі бас техникалық инспекторы Қайрат Мұқанов қазылық етті.

Жарыстың 1-кезеңінде еңбек

қауіпсіздігі және еңбек қорғау саласындағы нормативтік құжаттарды білуге арналған тест сұрақтары қойылды. Бұл кезеңде қатысушылар 30 минутта 20 сұраққа жауап берді. 2-кезең оқиғалық тапсырмаларды шешуге арналды. Мұнда қатысушылар командаларға бөлініп сайысты. 3-кезеңде әр қатысушы өзі дайындап әкелген блиц сұрақтарды қойып, өзгелер жауап бере алмағанда ұпай сұрақ қоюшының өзіне есептелді. Барлық қатысушылар білімі мен қиын жағдайда шешім қабылдай алу қабілетін көрсетті.

(Жалғасы 2-бетте)  
Суретті түсірген  
Александр ЖАБЧУК

### ДЛЯ РАЗВИТИЯ ЭКСПОРТА

В рамках Международной многоотраслевой бизнес-миссии, состоявшейся в городе Красногорске Московской области (РФ), АО «KTZ Express» подписало Соглашение о сотрудничестве по реализации проекта Агро-индустриального парка в Алматинской области. Проект напрямую отвечает приоритетам, обозначенным Президентом Казахстана: развитие экспорта и продвижение отечественной продукции на зарубежные рынки.



Алуа ТЛЕУБАЙ,  
Астана

Церемония подписания между KTZ Express, АО «Славтранс-Сервис» (РФ) и ТОО «ТІІЦ Алатау» прошла в присутствии акима Алматинской области и губернатора Московской области, что подчеркнуло высокий уровень и межрегиональный масштаб инициативы.

Стороны договорились о совместной работе по развитию и продвижению проекта. Агро-индустриальный парк разместится в городе Алатау (Alatau City), который строится под Алматы.

Его инфраструктура объединит современный складской комплекс класса «А», мультитемпературные склады, контейнерный терминал, оптово-розничный центр, а также зоны фитосанитарного контроля и таможенного оформления. Новый объект станет многофункциональным хабом, где интересы производителей, экспортеров и торговых сетей будут соединены в единую систему.

Новый парк позволит не только повысить эффективность логистики, но и создать для производителей удобную среду с доступом к новым каналам сбыта. Казахстанские компании смогут быстрее



и проще выходить на международные рынки, а регион получит мощный импульс для экономического роста.

Для АО «НК «Қазақстан темір жолы» участие в проекте является стратегическим шагом, усиливающим позиции Казахстана в сфере логистики и создающим новые возможности для развития экспортного потенциала страны.

Опыт международных проектов компании, включая CRK Terminal в Подмоскovie (РФ), подтверждает готовность к реализации масштабных инициатив, интегрированных в глобальные цепочки поставок.

Фото автора



Илья МЕЩЕРЯКОВ,  
управляющий директор по новым проектам АО «НК «ҚТЖ»:

МЫ РАССМАТРИВАЕМ ЗАКУПКИ КАК СТРАТЕГИЧЕСКИЙ МЕХАНИЗМ РАЗВИТИЯ ЭКОНОМИКИ КАЗАХСТАНА. ПОДДЕРЖКА ОТЕЧЕСТВЕННЫХ ПРОИЗВОДИТЕЛЕЙ, ВНЕДРЕНИЕ ИСКУССТВЕННОГО ИНТЕЛЛЕКТА И ПРОЗРАЧНОСТЬ В ЗАКУПКАХ – ЭТО ТО, ЧТО ДЕЛАЕТ ҚТЖ СОВРЕМЕННЫМ И ОТВЕТСТВЕННЫМ ПАРТНЕРОМ ДЛЯ БИЗНЕСА И ОБЩЕСТВА

### ЦИФРЫ ГОВОРЯТ:

13,3 млн тонн

ЗЕРНА ПЕРЕВЕЗЕНО ПО СЕТИ АО «НК «ҚТЖ» ЗА МАРКЕТИНГОВЫЙ ПЕРИОД С СЕНТЯБРЯ 2024-ГО ПО АВГУСТ 2025 ГОДА.

В 2025 ГОДУ ҚТЖ УЖЕ ЗАКЛЮЧИЛА СВЫШЕ

1 400

ДОГОВОРОВ С ОТЕЧЕСТВЕННЫМИ КОМПАНИЯМИ.

2 177

РАЗЪЯСНИТЕЛЬНЫХ ВСТРЕЧ С НАСЕЛЕНИЕМ ОРГАНИЗОВАЛО АО «НК «ҚТЖ» ЗА 8 МЕСЯЦЕВ 2025 ГОДА.



## ЦИФРЛАНДЫРУҒА КӨШЕДІ

Ардақ ЕРУБАЕВА,  
Ақтөбе



ТЕХНОЛОГИЯ

«Цифрлық темір жол» стратегиясы аясында Бейнеу станциясы толықтай жаңғыртудан өтеді. Бұл туралы Ақтөбедегі автоматика, телемеханика және байланыс орталығының жетекші инженері Ғалымжан Жаманшиев хабарлады.

Бүгінде инфрақұрылым және көлік логистикасы секілді маңызды қызмет көрсету сегменттеріне жаңа технологияларды енгізу басым жұмыстардың біріне айналды. Ақтөбедегі автоматика, телемеханика және байланыс орталығында жаңғырту жұмыстары жүйелі атқарылуда. Мұнда батыс аймағындағы жұмыстар бір жерден ұйымдастырылады.

«Көліктік-логистикалық кешенді цифрландыру ашықтықты қамтамасыз етеді. Мұны тәжірибеден көріп отырмыз. Бір компьютерден басқару мүмкіндігіне қол жеткізу жұмысты жеңілдетеді. Қазір Бейнеу станциясында жаңғырту жұмыстарын бастау туралы телеграмма алдық. Енді жоспарлау, енгізу жұмыстары нақтыланды», – деді жетекші инженер Ғалымжан Жаманшиев.

Бейнеу – бірнеше бағытқа қатынайтын маңызды тораптың бірі. Станцияда 10-нан аса жол жүк тасымалына арналған. Тоғыз жолдың торабында тұрған станцияның цифрлануы жүк тасымалын жеңілдететіні сөзсіз.

Жетекші инженерге Бейнеу станциясында орналасқан вокзалды күрделі жөндеуден өткізу барысында СОБ құрылғыларын көшіру міндеті жүктелген. Айтуынша, станцияны цифрландыру процестерінің жетістігін алдағы жылы көреміз.

Нәтижесінде ресурстарды тиімді түрде бөлуге, эксплуатациялық, коммерциялық шешімдер тиімді қабылдауға мүмкіндік береді.

## ПАРКТІ ЖАҢАРТУ ЖАЛҒАСУДА

Нұрбек БЕКЕН,  
Астана



ӨЗЕКТІ

ҚТЖ ескі жүк вагондарының қызмет ету мерзімін ұзартудан кезең-кезеңмен бас тартуды қолдап, паркті жаңартуды жалғастыруда.

2025 жылдың басындағы есеп бойынша Қазақстанда шамамен 142 мың жүк вагоны бар, олардың орташа жылы шамамен 15 жылды құрайды. Оның 39 мыңы ҚТЖ-ға тиесілі, қалғаны жеке операторлар иелігінде екен.

Қазіргі уақытта вагондарды пайдалану мерзімін ұзарту уәкілетті орган бекіткен белгіленген қағидалар және ТМД теміржол көлігі жөніндегі кеңесінің шешімдері бойынша жүргізіледі. Мұндай рәсімдердің сапасына жеке жөндеу кәсіпорындары жауап береді. Қазақстанда бес мамандандырылған вагон жасау кәсіпорны жұмыс істейді. Олар бірлесіп жылына 12 мыңға дейін заманауи вагон шығара алады, бұл елдің теміржол паркін жаңартуға мол мүмкіндіктер ашады.

ҚТЖ мемлекеттік органдармен, өнеркәсіптік кәсіпорындармен және жылжымалы құрам операторларымен тығыз өзара іс-қимылға дайын.

## ДӘСТҮРЛІ ОЛИМПИАДАДА БАҚ СЫНАДЫ

(Соңы. Басы 1-бетте)

Нәтижесінде бірінші сайыскерлер арасында еңбек қауіпсіздігі бойынша корпоративтік олимпиадада 1-орынды Арыс вагон пайдалану депосының қауіпсіздік және экология секторының бастығы Жұмағали Әмір иеленіп, оған осы жүлдесіне қоса «Адал еңбегі үшін» төсбелгісі мен санаторлық-курорттық шипажайға жолдама, 40 АЕК көлемінде сыйақы берілді. 2-орын Ақтөбе ЖТ бөлімшесі Еңбек қауіпсіздігі және еңбек қорғау қызметінің жетекші инженері Бақытнұр Ермековаға беріліп, осы жүлдесі үшін ол да аталған төсбелгі және сыйақымен марапатталды. Ал 3-орынға «Қазтеміртранс» АҚ Қостанай филиалының өндірістік-техникалық секторының жетекші инженері Олеся Миранова лайық деп танылып, оған «Үздік маман» төсбелгісі мен 10 АЕК көлемінде сыйақы берілді. Қалған 11 қатысушы да түрлі аталымдар бойынша марапат алып, компанияның басқарма төрағасының Құрмет грамотасына және 8 АЕК көлемінде сыйақыға ие болды. Барлық қатысушыларға кәсіподақ атынан 30 мың теңге ақшалай сыйлық ұсынылды.

Түстен кейін тура осындай олимпиада еңбек қорғау бойынша экологтар арасында өтті. Бұл жарыста 1-орынды Ақмола магистральдық желі бөлімшесінің өндірістік қауіпсіздік және экология, еңбек қорғау және қауіпсіздік қызметінің жетекші инженері Лаура Жамшитова, 2-орынды «Әскерлендірілген теміржол күзеті қызметі» ЖШС Павлодар филиалының қауіпсіздік және еңбек қорғау бойынша 1-санатты маманы Қапар Рахимжанов, 3-орынды Балқаш белгі беру және байланыс дистанциясының өндірістік қауіпсіздік және экология, еңбек қорғау және қауіпсіздік қызметінің жетекші инженері Олжас Ерменбетов иеленді. Екінші олимпиада қатысушылары мен жүлдегерлері де жоғарыда айтылған бірінші жарыстағы сайыскерлер сияқты алған орнына қарай төсбелгілер және ақшалай сыйақылармен марапатталды. Экологтар арасында бірінші орын алған Лаура Жамшитова 14 жылдық тәжірибесі бар теміржолшы, қызметін Көкшетау электрмен жабдықтау дистанциясында бастаған.

## ҚЫСҚА ӘЗІРЛІК ҚАРҚЫНДЫ ЖҮРГІЗІЛУДЕ



АЙМАҚ

Қуаныш ҚОЖАЕВ,  
Семей

Бұл бағыттағы шаралар алдағы қазан айының 10-шы жұлдызы күні толықтай аяқталуы тиіс. Ал оның жүргізілу барысы осы айдың 17-і күні басталып, келергі айдың 3-і күні аяқталатын күзгі комиссиялық бақылау барысында қатаң түрде қадағалауға алынады.

Міне, осынау орайда бөлімшеге қарасты материалдық-техникалық жабдықтау базаларындағы қоймалар, өндірістік үй-жайлар, гараждар, сонымен қатар қармен күреске қолданылатын техникалар толықтай талапқа сай етілуде.

Ал осыған дейін арнайы киім, жол машиналары үшін қосалқы бөлшектер мен жабдықтар, құрал-аспаптар алынып, қамданыс жасалды.

Қазіргі таңда қысқа даярлық шараларын пысықтайтын арнайы топ құрылып, желі бойында жүйелі жұмыс жүргізуде. Комиссия төрағасының орынбасары, Семей маги-



стральдық желі бөлімшесінің бастығы Айдын Шаукежанов желі бойындағы бүгінгі күнге дейінгі атқарылған шараларды пысықтауда.

Қазіргі күні нақтылағандай, бөлімшедегі материалдық-техникалық жабдықтау базасы қалыпты жұмыс істеп тұр. Сонымен қатар желі бойында қолданылатын техникалар саны да жеткілікті. Осы орайда желі бойындағы тораптық станциялардағы көмірмен қамту мәселесі бірінші кезекте назарға алынған. Арнайы техникалық көмір қоры жасақталуда. НЖС-6-ға қарасты

## БІРІКТІРУ – УАҚЫТ ТАЛАБЫ

«Қазақстан темір жолы» ұлттық компаниясы қазір ұйымдастырушылық өзгерістер мен трансформацияның маңызды кезеңін бастан кешіруде. Осы трансформация шеңберінде Жүк тасымалы бөлімшесі мен Магистральдық теміржол желісін біріктіру мәселесі қарастырылуда. Бұл маңызды мәселе хақында компанияның Консультативтік кеңес мүшесі Қырықбай Әлсейітовті сөзге тартып, ой-пікірін білдік.

Ислам ТАЛҒАТ,  
Астана

Қырықбай Әлсейітов еңбек жолын 1959 жылы Аягөз станциясы паровоз депосында автомат цехінің бригадирі болып бастап, 2007 жылы «ҚТЖ» ҰК» АҚ – «Семей тасымалдау бөлімшесі» филиалында жетекші инженер болып аяқтаған. Елу жылға жуық жұмыс істеп, осы жерден еңбек демалысына шыққан.

«Жұмыс орнынан қол үзсем де, саладағы орын алып жатқан жаңалықтар мен жаңашылдықтардан үнемі хабардармын. Қазіргі кезде теміржол саласында көптеген өзгерістер орын алуда. Еліміздің жаһандық бәсекелестік жағдайында қабылдап жатқан

оңтайлы шешімдерін дұрыс қадам деп білемін. Жүк тасымалы ұлттық экономикаларға кіріс келтіретін басты табыс көзіне айналып отыр. Сондықтан еліміз қолға алып жатқан көптеген бастамалар уақыт талабынан туындауда. Бұл орайда Жүк тасымалы – Жол бөлімшесі (ЖТ-ЖБ) мен Магистральдық теміржол желісін (НЖС) біріктіру де соның жарқын мысалы дер едім. Ұтымды шешім сала жұмысын өрге сүйремесе, кері тартпайды. Оған талай рет көзім жетті. Кеңестік дәуірден қалған кейбір орынсыз іс-әрекеттерден біртіндеп арылып келеміз. Оның орнына жаңаша көзқарас қалыптасып, басқаша басқару әдістері кеңінен енгізіліп отыр.

Бұл көңілге қуаныш ұялатады. Жылдан жылға жұмыс процесі барынша жеңілдей түсуде. Бүгінде барлығы автоматтандырылуда. Біздің кезімізде болмаған технологиялар енгізіліп жатыр. Осындай игі шараларды қолға алып отырған «ҚТЖ» ҰК» АҚ бастамасын қолдаймын», – дейді Құрметті теміржолшы Қ.Әлсейітов.

Сала ардагері атап өткендей, біріктіру жұмыстарын жүргізу барынша оңтайлы шығар. Бірақ бұл жұмысшылардың еңбек жағдайына қалай әсер етеді деген ой да жоқ емес. Алайда, бұл бастама еліміздің заң талабынан туындағандығын да реті келгенде айта кету керек.

«Мені де қызықтырған басты мәселе жұмысшылардың еңбек



жағдайы қалай болады деген жайт еді. Оған да жауап берілді. Менің білгенім, жұмысшылардың еңбек жағдайлары, жалақы мен жұмыс режимі өзгеріссіз қалатын болыпты. Және де әлеуметтік пакет пен өзге де жеңілдіктер сақталады. Сонымен қатар қызметкерлер өз орындарын сақтап қалуы үшін қайтадан құжаттар жинап, бас ауыртпайды. Ал егерде медициналық тексеру мерзімі аяқталғандай жағдай орын алса, онда қызметкер жұмыс беруші қаражаты есебінен өтеді. Онда да мұндай медициналық тексерістен 1 жыл ішіндегі жұмыс мерзімінің аяқталуы шарт, егер мерзімі өтпесе, онда қажеті жоқ. Бұл ретте ерікті медициналық сақтандыру кепілдік беретін құқықтар сақталып, лимиттер жойылмайды. Сонымен қатар сыйлықақы төлемдерінің барлық түрі басқа құрылымға ауысқанда да сақталады. Есептеу және төлеу тәртібі бұрынғыдай қалады екен. Мұнысы енді дұрыс шешім. Жұмысшылардың ауысуы бойынша демалыс күндері де жалғасын тауып, бұрынғы жұмыс орнында пайдаланылмаған демалыс күндері ертемеке төленеді екен. Егер кесте бойынша демалыс жоспарланған болса, Магистральдық теміржол желісіне жұмысқа ауысқан жағдайда сол жоспарланған мерзімде еңбек демалысына кете алады», – дейді Консультативтік кеңес мүшесі.

## ЖҰМЫС САПАСЫ ЖІТІ НАЗАРДА



ҚАУІПСІЗДІК

Сабырхан СЕЙІЛБЕКҰЛЫ,  
Қызылорда

Бұл Жосалы – Түркістан станциялары арасындағы теміржол телімінің үздіксіз жұмысын қамтамасыз ететін Қызылорда жол дистанциясының кезекті жол күтіміне кіріскен сәті. Тәуліктік қозғалыс қарқыны жоғары бұл телімде жолдың техникалық жай-күйін тұрақты бақылауда ұстау – басты міндет. Ағымдағы айлық комиссиялық тексеріс барысында анықталған кемшіліктерді уақытлы жою мақсатында бүгін дистанция жолшылары шұғыл әрекетке көшкен. Жол күтімін үйлестіріп, жұмыстарды кәсіби тұрғыда бақылап жүрген жол шебері Мақсат Әбдіраманов атқарылып жатқан істің мән-жайымен бөлісті:

– Қазіргі таңда бригаданың тәжірибелі жол монтерлары Берік Құрбанов, Сержан Жолдыбаев, Бақытбек Әбіловпен бірге рельс бекітпесінің резеңке төсемелерін ауыстыру, бекітпе болттарының беріктігін тексеру, рельстің деңгейін өлшеу, түзулігін шаблонмен салыстыру, сондай-ақ

жер төсемінің жай-күйін тексеру жұмыстары жүргізілуде. Бұл жұмыстар арнайы технологиялық карта негізінде, белгіленген ретпен іске асады. Әрбір ақау өз шешімін табуы тиіс, себебі біз тек жол сапасын емес, пойыз қозғалысының қауіпсіздігін де қамтамасыз етеміз», – дейді Мақсат Әбдіраманов.

Жол күтімінің бұл кезеңінде бағыттамалық бұрмалар аралығындағы бекітпелердің техникалық ахуалы жіті назарда. Жол шебері әр рельс қосымының өлшемін арнайы өлшеу шаблон арқылы тексеріп, талапқа сай болмаған жағдайда бірден тиісті тапсырма беріп отырады екен. Жол күтімі тек көзбен шолумен шектелмейді. Рельстің көлденең және тік бағыттағы деңгейі, рельс аралықтарының дәлдігі, ұзындық бойынша түзулігі, сондай-ақ тас төсемінің тығыздығы мен біркелкілігі арнайы құралдар көмегімен тексеріледі. Бұл – жүк және жолаушылар пойыздарының телімінен қауіпсіз өтуіне тікелей



жар ететін маңызды факторлар. Мамандардың айтуынша, рельс бекітпелері мен резеңке төсемдердің тозуы, болттардың босауы немесе қиыршық тастың шөгуді секілді табиғи факторлар уақыт өте келе жолдың жағдайына әсер етеді. Сондықтан алдын ала күтім жасап, «жөндеу-орнына келтіру жұмыстары» арқылы ол ақаулар дер кезінде жойылады. Жол дистанциясының бұл жұмыстары – кездейсоқ ұйымдастырылған шара емес, керісінше жол шаруашылығын жүргізу ережесіне сай тұрақты түрде атқарылатын дәстүрлі процесс. Теміржолшылар қауымы, соның ішінде жол жөндеуші бригада

мүшелері, өз кәсібіне адал. Бір қарағанның жолдың ахуалын бағамдай алатын тәжірибелі мамандар ақауды анықтап қана қоймай, оны технологиялық регламентке сай жедел қалпына келтіруді де жақсы меңгеріпті. Қызылордалық жолшылардың бұл еңбегі – көрінбейтін, бірақ аса маңызды міндеттің жарқын көрінісі. Теміржол бойындағы әрбір рельс, әр бекітпе, төсемге салынған әр тастың түйірі – олардың қақырылы еңбегінің айғағы. Ал мұндай жүйелі күтім мен жауапты әрекет арқылы ғана теміржолдың қауіпсіздігі мен ұзақ мерзімділігі қамтамасыз етілмек.

Суретті түсірген автор



# Интервью КОМФОРТ, ТЕХНОЛОГИИ И ТУРИЗМ

**АО «Пассажирские перевозки» подвело итоги летнего сезона и продолжает обновление отрасли: компания модернизирует подвижной состав, внедряет новые стандарты сервиса, развивает туристические маршруты и цифровые решения – от онлайн-табло до Интернета в пути. Эти шаги делают железную дорогу современным и удобным видом транспорта. О повышении комфорта пассажиров, модернизации вокзалов, запуске уникальных туристических поездов и борьбе с безбилетным проездом рассказал председатель правления АО «Пассажирские перевозки» Ануар Ахметжанов.**

– Каковы итоги летних пассажирских перевозок? Насколько увеличился пассажиропоток по сравнению с прошлым годом?

– За первые семь месяцев 2025 года услугами национального перевозчика воспользовались свыше 7,8 миллиона пассажиров. Только за летний период мы перевезли 4 миллиона 112 тысяч человек, что больше, чем в прошлом году. Особенно популярными были направления к курортным зонам и крупным городам.

– Какие направления пользовались наибольшим спросом?

– В город Астану перевезено 666 тысяч пассажиров, в Алматы – 750 тысяч, в Шымкент – 257 тысяч. Среди курортных направлений лидируют озеро Алаколь (380 тысяч пассажиров) и зона отдыха Бурабай (408 тысяч).

– Какие дополнительные меры предприняли для удобства пассажиров?

– Для летних перевозок мы запустили 13 дополнительных маршрутов. К примеру, к озеру Алаколь были назначены поезда Астана – Достык, Алматы-2 – Достык, Семей – Шар – Достык, Оскемен-1 – Ақтауай – Достык, Кызылорда – Достык, Павлодар – Достык.

Кроме того, усилили востребованные маршруты Астана – Алматы, Астана – Шымкент и Актөбе – Астана. Для туристов с 26 по 31 августа курсировал поезд Алматы – Туркестан – Самарканд – Бухара – Ташкент – Алматы.

Были запущены медицинский

рожных билетов предусмотрены штрафы от 100 до 250 МРП, а при повторных нарушениях – от 200 до 500 МРП. Расширены официальные каналы реализации билетов – сегодня это 15 сайтов, около 30 тысяч автоматов самообслуживания, туристические агентства, почтовые отделения и другие точки. Для удобства пассажиров внедрена услуга «Лист ожидания» на сайте [bilet.railways.kz](http://bilet.railways.kz), которая уведомляет о появлении свободных мест, а также реализована возможность покупки билетов по сквозным маршрутам с пересадкой при отсутствии прямых мест. Чтобы исключить схемы перепродажи, установлен специальный алгоритм задержки мест с возвращенных билетов. Для людей с ограниченными возможностями создана система онлайн-покупки льготных билетов с автоматической проверкой статуса. Кроме того, мобильные группы регулярно проводят проверки поездов, на вокзалах звучат громкоговорящие предупреждения, а совместно с ДВД организуются внезапные рейды. Все выявленные случаи перепродажи передаются в уполномоченные органы, а к нарушившим дисциплину кассирам применяются меры ответственности.

Следует подчеркнуть: для расследования конкретных случаев перепродажи проездного документа необходимо предоставить сам билет, купленный у перекупщика. Только так можно выявить схему и причастных лиц.



Актөбе – Атырау, Павлодар – Туркестан, Кызылорда – Семей, Алматы – Павлодар, Алматы-2 – Саратов.

– Какие шаги предпринимаются для повышения качества сервиса и клиентоориентированности?

– Для обеспечения комфорта и безопасности пассажиров мы реализуем комплексную программу модернизации сервиса, стандартизации услуг и обновления подвижного состава.

Мы обновили стандарт комплектации вагонов МСИ. Так, увеличили размер полотенец, внедрили матрасы с антискользящим покрытием, улучшили подушки за счет нового наполнителя, добавили наволочки с удобным клапаном, увеличили количество ковровых дорожек, ввели банный халат в вагонах класса Гранд Тальго.

Кроме того, разработана Концепция дифференцированного сервиса по типам поездов и клас-

неудобствам, планировать поездки заранее и соблюдать осторожность на территории ремонтных зон.

– Как продвигается обеспечение поездов доступом к Интернету? Есть ли конкретные сроки и планы?

– Интернет в пути – одно из приоритетных направлений повышения качества сервиса. 25 января 2025 года стартовал пилотный проект «Интернет в поезде» на маршруте № 3/4 Астана – Алматы, который получил положительные отзывы. В апреле услуга появилась и на поезде № 67/68 Астана – Оскемен.

В начале года мы также запустили сервис «Онлайн-табло движения поездов», позволяющий проверять расписание, отслеживать задержки и получать актуальную информацию о движении. Данные поступают с GPS-трекеров, установленных на 99 маршрутах, и отображаются как для пассажиров на сайтах [bilet.railways.kz](http://bilet.railways.kz) и [tablo-railways.kz](http://tablo-railways.kz), так и в ситуационном центре для контроля движения поездов.

Планируется дальнейшее расширение проектов, чтобы обеспечить Интернетом больше маршрутов и улучшить цифровой сервис для пассажиров.

– В последнее время большое внимание уделяется развитию внутреннего туризма. Каковы результаты работы туристического поезда Jibek Joly?

– В августе этого года мы запустили уже седьмой рейс туристического поезда Jibek Joly. Маршрут традиционно соединяет Алматы, Туркестан, Самарканд, Бухару, Ташкент и снова Алматы. За несколько сезонов более 700 туристов уже воспользовались этим предложением, что подтверждает устойчивый интерес к железнодорожным турам.

– Чем этот поезд отличается от стандартных маршрутов, и какие сервисные особенности предусмотрены?

– Jibek Joly и «Керуен Экспресс» сформированы из современных вагонов отечественного производства, оборудованных для комфортных многодневных путешествий. Интерьеры украшены элементами национального орнамента, есть вагон-ресторан. Турпакет включает не только проезд, но и сопровождение гидов, экскурсионную программу, входные билеты и трансферы – это полноценный культурно-исторический тур.

– Планируется ли расширение маршрутов или запуск аналогичных туристических проектов?

– Мы продолжаем развивать железнодорожный туризм. Помимо поездов в Узбекистан реализован международный проект «Сиань – Алматы» из Китая. Эти направления укрепляют культурные связи, развивают транспортный и туристический потенциал Казахстана, а также популяризируют историческое наследие региона. Туристические рейсы организованы при содействии Узбекских железных дорог, Комитета туризма, Министерства транспорта РК и Kazakh Tourism.

– Железная дорога остается самым доступным и удобным способом путешествовать по Казахстану. Наши туристические поезда позволяют открыть для себя ключевые культурные и исторические места вдоль Великого Шелкового пути. Мы создаем уникальный туристический продукт, который сочетает комфорт поездки, насыщенную экскурсионную программу и знакомство с богатым наследием страны.

– Мы признательны вам за содержательную беседу. Уверены, что обновление подвижного состава, улучшение сервиса и развитие туристических маршрутов выводят АО «Пассажирские перевозки» на новый уровень.

Руслан РАХМЕТОВ  
Фото Александра ЖАБЧУКА



поезд «Саламатты Қазақстан», детский туристический поезд «Туған елге саяхат», а также новый пригородный маршрут до курортной зоны Боровое.

– Что нового предложили для улучшения сервиса?

– Мы активно развиваем сервис «Лист ожидания». Он позволяет пассажирам быстро приобрести освободившиеся места. С начала 2025 года им воспользовались более 281 тысячи человек, из них 105 тысяч смогли выкупить билеты. Услуга доступна на сайте [bilet.railways.kz](http://bilet.railways.kz) и в билетных кассах.

– Какие направления были наиболее популярными у пассажиров в летний сезон?

– Наибольшим спросом пользовались маршруты Астана – Алматы, Астана – Шымкент, Алматы – Шымкент, Астана – Семей и Алматы – Семей. Это традиционно самые загруженные линии, где пассажиропоток стабильно высокий.

– Планируется ли назначение дополнительных поездов на осенние и зимние праздники, учитывая традиционный рост спроса?

– Мы всегда анализируем загрузку маршрутов. Назначение дополнительных поездов рассматривается при необходимости. Если в праздничные периоды будет наблюдаться рост пассажиропотока и высокая загрузка, мы оперативно введем дополнительные составы, как это практикуется ежегодно.

– Ведется ли работа по борьбе с безбилетным проездом, и какие меры оказались наиболее эффективными?

– Да, борьба с безбилетным проездом и незаконной перепродажей билетов ведется системно. Для повышения эффективности приняты конкретные меры. В Кодекс РК об административных правонарушениях внесены изменения: теперь за перепродажу или незаконную продажу железнодоро-

– Одной из ключевых задач компании является обновление пассажирских вагонов. На каком этапе сейчас этот процесс и каковы планы на ближайшие годы?

– На сегодняшний день парк АО «Пассажирские перевозки» насчитывает 2 204 вагона. Мы планируем полное обновление подвижного состава к 2030 году, постепенно выводя старые вагоны из эксплуатации.

Уже подписан договор с Stadler Bussnang AG на закупку 557 современных вагонов, которые будут производиться по технологии Stadler и поступать с 2025 по 2030 год.

С 2022 по 2025 год мы получили 255 вагонов и 18 электропоездов, а до конца этого года прибудет еще 63 вагона. В 2024 году было приобретено 118 вагонов производства ТОО «ЗИКСТО», а за семь месяцев 2025 года – 56 вагонов.

Кроме того, ведется работа по закупке еще 100 вагонов ТОО «ЗИКСТО» с поставкой до 2026 года. Все новые составы оснащены современными системами безопасности и комфорта. К 2030 году средний возраст вагонов снизится до 13 лет, а весь парк будет обеспечен кондиционированием воздуха.

– Как обновление подвижного состава отражается на уровне комфорта и безопасности перевозок?

– Введение новых вагонов значительно повышает комфорт и безопасность поездов. Пассажиры отмечают просторные салоны, улучшенные спальные места, современные системы климат-контроля и более высокий уровень сервиса. Это укрепляет доверие к национальному перевозчику и стимулирует развитие как внутреннего, так и международного сообщения.

Сегодня новые вагоны уже курсируют на популярных маршрутах:

сам обслуживания. В ее рамках предусмотрены детский манеж и игровая зона, душевые кабинки, индивидуальные чайные наборы, гигиенические наборы, шторы для плакартных вагонов, услуга глажки одежды в пути, бортовое питание (пока в пилотном режиме).

– Как организовано обучение и переподготовка поездных бригад? Есть ли новые программы, направленные на улучшение обслуживания пассажиров?

– Наши проводники проходят специальное обучение по оказанию первой медицинской помощи. Это включает помощь при сердечно-сосудистых проблемах, навыки проведения искусственного дыхания, а также подготовку к оказанию помощи при родах. Основная цель – обеспечить безопасность и комфорт пассажиров в любой ситуации.

– Проводимые ремонты железнодорожных вокзалов – повлияли ли они на работу Пассажирских перевозок, и как организуется посадка и высадка пассажиров в условиях реконструкции?


– Акционерное общество «Қазақстан темір жолы» реализует масштабный проект модернизации более 100 железнодорожных вокзалов по всей стране. Работы выполняются в соответствии с постановлением Правительства РК.

Цель проекта – устранение системных проблем, связанных с износом вокзалов, приведение их к современным стандартам, обеспечение безопасности, энергоэффективности, создание доступной среды для людей с ограниченными возможностями и продление срока службы объектов.

На время реконструкции основные службы, кассы и залы ожидания временно размещаются в соседних зданиях и модульных помещениях. Мы просим пассажиров с пониманием относиться к возможным

## ЗАДАН ВЕКТОР ВЗАИМОДЕЙСТВИЯ

Любовь РОВБА,  
Астана



Ключевые вызовы и перспективы развития грузоперевозок в Казахстане обсудили в Астане руководители СТК «Kazlogistics» и Boston Consulting Group (США).



В ходе рабочей встречи генерального директора Kazlogistics Каната Альмагамбетова и исполнительных директоров с представителями Boston Consulting Group особое внимание уделено системным вопросам, связанным с инфраструктурой, процессами и документооборотом.

Участники отметили растущую значимость мультимодальных перевозок и подчеркнули роль Kazlogistics как центра экспертизы, площадки для диалога бизнеса и государства, а также инструмента защиты интересов отрасли. Рассматривались ограниченные возможности терминалов и ТЛЦ, необходимость цифровизации ряда ключевых документов и другие вызовы.

На встрече отмечалось, что в ближайшие 5-10 лет основные направления развития отрасли видятся в развитии мультимодальных решений и международных коридоров, а также создании современных ТЛЦ и специализированных складов.

Представители Boston Consulting Group подчеркнули, что Казахстан имеет потенциал стать ключевым хабом для транзита товаров из Китая в Центральную Азию и Европу через Средний коридор. Кроме того, обсуждалась работа бондовых складов: их потенциал пока реализован не в полной мере, и требуется совершенствование нормативной базы.

Встреча в Астане позволила участникам консолидировать позиции по наиболее острым вопросам и определить приоритетные шаги для дальнейшего развития транспортно-логистической системы Казахстана.

Стоит отметить, что Boston Consulting Group осуществляет свою деятельность в Казахстане уже более 10 лет, сотрудничая с местными и международными организациями, чтобы решать важнейшие задачи и выявлять новые возможности. Компания помогает создавать более эффективные и устойчивые структуры, раскрывая экономический и человеческий потенциал страны.

## Рационализаторство ГЕНЕРАЦИЯ ИДЕЙ

Айдана ЕРТАЙ,  
Павлодар

За восемь месяцев сотрудники стальной магистраль внедрили десять рационализаторских предложений. Работа в этом направлении продолжается.



Все усовершенствования направлены на упрощение технологических процессов, улучшение условий труда, экономии ТЭР, охрану труда, безопасность движения и надежность устройств. Как отмечает начальник Центра научно-технической информации и анализа Павлодарского отделения магистральной сети Мурат Смаилов, практика внедрения технических новшеств, заимствованных из других филиалов АО «НК «КТЖ» показала хороший результат. Плановый показатель по количеству информационных листов о передовом производственном опыте выполнен на 100%.

К примеру, в Екибастузской станции сигнализации и связи электромеханик Евгений Альшанский создал несколько мобильных приложений на базе андроид. Это памятки для работников СЦБ, путевого хозяйства и технологические карты по техническому обслуживанию КТСМ-02, получить доступ к приложению можно и без наличия Интернета. Второе рационализаторское предложение – это калькулятор, который рассчитывает предполагаемую температуру буксового узла на основании введенных значений уровня показаний аппаратуры КТСМ-02 и температуры наружного воздуха. Стоит отметить, что железнодорожник ведет свой блог на YouTube-канале, где делится профессиональными обзорами и обучающими материалами по обслуживанию оборудования.

– Сейчас мы стараемся создавать еще более благоприятные условия для рационализаторов и молодых специалистов, пытающихся разработать рационализаторское предложение. Не могу сказать, что число усовершенствований растет, но статистика стабильная. После внедрения рацпредложений мы продолжаем трудиться над его обновлением, – сказал Мурат Смаилов.



